

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 355 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 904 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 355 қаулысына
мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "PSA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік мүлікті бухгалтерлік есепке алуды жүргізу, мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге тиіс иелену және пайдалану құқықтарын және мұнай-газ операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мердігерлер мемлекетке беретін мүлікті есепке алу мәселелерін қоспағанда, өнімді бөлу туралы келісімдерде Қазақстан Республикасының мүддесінде әрекет ететін өкілетті орган ретінде айқындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов